

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 23 сәуірдегі № 77-VIII ҚРЗ

2023 жылғы 8 маусымда Сочиде жасалған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

Бейресми аударма

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы КЕЛІСІМ

Армения Республикасының Үкіметі, Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Министрлер кабинеті және Ресей Федерациясының Үкіметі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты басшылыққа ала отырып,

ғылыми дәрежелер туралы құжаттардың сәйкестігін тану арқылы еңбек көші-қоны саласындағы алып қоюларды және шектеулерді жоюға ұмтыла отырып,

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі - мүше мемлекеттер) азаматтарының кәсіптік қызметке қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасауға зор мән бере отырып,

2018 жылғы 6 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде интеграциялық процестерді одан әрі дамыту туралы декларацияның ережелерін ескере отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Негізгі ұғымдар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төмендегіні білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"диссертация" - жаңа ғылыми ережелер жазылған және дәлелденген, мүше мемлекеттер заңнамасының талаптарына сәйкес келетін нысанда орындалған жеке ғылыми біліктілік жұмысы;

"ғылыми дәрежелер туралы құжаттар" - мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес тиісті диссертацияны көпшілік алдында қорғау негізінде берілген философия докторы (

PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым кандидаты, ғылым докторы ғылыми дәрежелері туралы құжаттар;

"құзыретті органдар" - мүше мемлекеттердің білім және ғылым саласында басқаруды жүзеге асыратын органдары (ұйымдары), сондай-ақ мемлекеттік басқару (билік) органдары, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін білім беру ұйымдары (мекемелері), қосымша кәсіптік білім беру ұйымдары (мекемелері) және мүше мемлекеттердің жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді аттестаттауды жүзеге асыратын ғылыми ұйымдары;

"ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды тану" - ғылыми дәрежелер туралы құжаттардың осы Келісімге сәйкес еңбек көші-қоны шеңберінде танылатын, оларды иеленушілердің өздеріне берілген ғылыми дәрежеге сәйкес кәсіптік қызметін жұмысқа орналасатын мемлекетте жүзеге асыруы үшін маңыздылығы;

"уәкілетті ұйымдар" - мүше мемлекеттердің ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды тануды ақпараттық қамтамасыз ету функциясын жүзеге асыратын ұйымдары;

Осы Келісімде пайдаланылатын өзге ұғымдар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта айқындалған мағыналарда қолданылады.

2-бап

Қолдану аясы

Осы Келісім еңбек көші-қоны шеңберінде ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды иеленушілердің өздеріне берілген ғылыми дәрежелерге сәйкес кәсіптік қызметін жұмысқа орналасатын мемлекетте жүзеге асыруы үшін оларды өзара тануға байланысты мәселелерді реттейді.

Осы Келісімнің ережелері жұмысқа орналасатын мемлекетте ғылыми дәрежелер туралы құжатты тану рәсімін жүргізу кезінде диссертация сараптамасының нәтижелері бойынша теріс шешім қабылданған жағдайды қоспағанда, осы Келісім күшіне енгенге дейін берілген ғылыми дәрежелер туралы құжаттарға да қолданылады.

Ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды тану рәсімін жүргізу кезінде қабылданған теріс шешімдерді есепке алу мақсатында мүше мемлекеттер тиісті ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ететін шараларды іске асырады.

3-бап

Танудың негізгі қағидаттары

Мүше мемлекеттер ғылыми дәрежелер туралы құжаттардың сәйкестігін (салыстырмалылығын) және әділ танылуын қамтамасыз ететін мынадай негізгі қағидаттарды:

мемлекеттік құпияны (мемлекеттік құпияларды) құрайтын мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қоспағанда, диссертацияларды қорғау рәсімдерінің ашықтығын (жариялылығын);

ғылыми қоғамдастықтың диссертацияларға сараптама жүргізуінің объективтілігін, жан-жақтылығын және толықтығын;

диссертацияға сәйкес келетін ғылыми бейін бойынша ғылыми біліктілік деңгейі жоғары ғалымдарды сарапшы ретінде тартуды;

ізденушінің диссертациямен жұмыс істеу кезінде жаңа ғылыми нәтижелер алу дербестігін, сондай-ақ ғылыми нәтижелердің бұрмалануына және диссертацияда кірме сөздердің теріс алынуына қарсы іс-қимыл жасауды;

диссертациялардың ғылыми бағыттарына сәйкес рецензияланатын ғылыми басылымдарда, оның ішінде халықаралық дерекқорға және дәйексөз алу жүйелеріне енгізілген басылымдарда ғылыми дәрежелерді ізденушілердің жоғары жарияланымдық белсенділігін;

мүше мемлекеттердің жоғары білікті ғылыми қызметкерлерді аттестаттау саласындағы заңнамасында белгіленген диссертацияларға және ғылыми дәрежелерді ізденушілерге қойылатын талаптар деңгейін ұстап тұруды;

ғылыми дәрежелер беру, сондай-ақ ғылыми қызметкерлер мамандықтарының ұлттық номенклатураларын (даярлау бағыттарының сыныптауыштарын) әзірлеу кезіндегі мәселелер бойынша ынтымақтастықты және ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды сақтау қажет деп таниды.

4-бап

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор және ғылым кандидаты ғылыми дәрежелері туралы құжаттарды тану

Осы Келісімнің 6-бабында көзделген жағдайды қоспағанда, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым кандидаты ғылыми дәрежелері туралы құжаттар жұмысқа орналасатын мемлекетте ұлттық тану рәсімдері жүргізілмей сәйкес (бірдей) деп танылады.

5-бап

Ғылым докторы ғылыми дәрежесі туралы құжаттарды тану

Осы Келісімнің 6-бабында көзделген жағдайды қоспағанда, ғылым докторы ғылыми дәрежесі туралы құжаттар жұмысқа орналасатын мемлекетте ұлттық тану рәсімдері жүргізілмей сәйкес (бірдей) деп танылады.

6-бап

Ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды ұлттық тану рәсімдерін қолдану

Мүше мемлекеттер ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды ұлттық тану рәсімдерін осындай құжаттардың иеленушілері жұмысқа орналасатын мемлекетте белгіленген, жұмысқа орналасатын мемлекет бюджетінің қаражаты есебінен төленетін (берілетін) ғылыми дәрежесі үшін үстемеақыларға (қосымша ақыларға) және (немесе) жеңілдіктерге үміткер болған жағдайда жұмысқа орналасатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес қолдануы мүмкін.

7-бап

Қажетті талаптарды сақтау

Осы Келісімде көзделген ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды тану осы Келісімнің 3-бабы ескеріле отырып жүзеге асырылады және оларды иеленушілерді жұмысқа орналасатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін жұмыс беруші (жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс беруші) қоятын біліктілік тараптарымен өзге де талаптарға сәйкес келу міндетінен босатпайды.

8-бап

Төлнұсқалылықты тексеру және мәліметтерді беру

Ғылыми дәрежелер туралы құжаттардың төлнұсқалылығын тексеру (верификациялау), осы Келісімнің 3-бабында көзделген негізгі қағидаттардың сақталуын растау мақсатында ғылыми дәрежені иеленуші, жұмыс беруші (жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс беруші), мүше мемлекеттердің мүдделі органдары басқа мүше мемлекеттердің құзыретті органдары мен уәкілетті ұйымдарына сұрау салулар жіберуге, сондай-ақ жалпыға қолжетімді ақпараттық ресурстарды пайдалануға құқылы.

Осы бапта көзделген сұрау салулар жазбаша нысанда орыс тілінде жіберіледі және сұрау салу жіберілген мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қаралуға жатады.

9-бап

Ақпараттық қамтамасыз ету

Осы Келісімді іске асыру үшін құзыретті органдар ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды тану мәселелері бойынша ақпарат алмасуды жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарды айқындайды.

Уәкілетті ұйымдар "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде өздерінің ресми сайттарында орыс тілінде мынадай ақпаратты:

ғылыми дәрежелер беру мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін, сондай-ақ оларға өзгерістер енгізілгені туралы мәліметтерді;

ғылыми дәрежелер туралы құжаттардың тізбесі мен үлгілерін;

мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ғылыми дәрежелерді дербес беру құқығы берілген ұйымдар осындай құжаттарды берген жағдайда ғылыми дәрежелер туралы құжаттарға енгізілуі міндетті мәліметтердің тізбесін;

мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес белгіленген ғылыми аттестаттау жүйелері, оның ішінде ғылыми дәрежелер берілетін ғылыми мамандықтардың номенклатуралары (даярлау бағыттарының сыныптауыштары) және мазмұны туралы мәліметтерді, сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ғылыми дәрежелерді дербес беру құқығы берілген ұйымдар туралы мәліметтерді орналастыруды қамтамасыз етеді.

10-бап

Сараптамалық консультациялар

Осы Келісімді іске асыруға, сондай-ақ оған өзгерістер енгізуге байланысты мәселелер Еуразиялық экономикалық комиссияның қатысуымен құзыретті органдар сарапшыларының консультациялары шеңберінде қаралады.

11-бап

Дауларды шешу

Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта айқындалған тәртіппен шешіледі.

12-бап

Өзгерістер енгізу

Мүше мемлекеттердің өзара келісуі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер енгізілуі мүмкін.

13-бап

Қорытынды ережелер

Осы Келісім Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жасалған халықаралық шарт болып табылады және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіреді.

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді мүше мемлекеттердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап, бірақ 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы 2023 жылғы 31 наурызда қол қойылған хаттама күшіне енген күннен кейін күшіне енеді.

2023 жылғы "8" маусымда Сочи қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Келісімнің депозитарий! бола отырып, әрбір мүше мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасының Үкіметі үшін	Беларусь Республикасының Үкіметі үшін	Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін	Қырғыз Республикасының Министрлер кабинеті үшін	Ресей Федерациясының Үкіметі үшін
---	--	---	--	--------------------------------------

Осы мәтін 2023 жылғы 8 маусымда Сочи қаласында қол қойылған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімнің толық және түпнұсқа көшірмесі болып табылатынын растаймын:

Армения Республикасының Үкіметі үшін - Армения Республикасының Премьер-Министрі Н.В. Пашинян;

Беларусь Республикасының Үкіметі үшін - Беларусь Республикасының Премьер-Министрі Р.А. Головненко;

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайылов;

Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті үшін - Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинетінің төрағасы-Қырғыз Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы - А.У. Жапаров;

Ресей Федерациясының Үкіметі үшін - Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы М.В. Мишустин.

Түпнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссиясында сақталады.

Барлығы тігілген, қол
қойылған және мөрленген
көшірменің 9 парағы

*Еуразиялық экономикалық комиссиясы
Құқықтық департаментінің директоры*

В.И. Тараскин

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімнің мемлекеттік тіліндегі мәтіні орыс тіліндегі тең түпнұсқалы мәтінге сәйкес келетінін растаймын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК